

«KMF Isker hanymy 2022 жүлдесі»

байқауы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «KMF Isker hanymy 2022» байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
- 1.2. Байқау ұйымдастырушылары: «KMF-Демеу» КҚ және «KMF» МҚҰ.
- 1.3. Байқау тақырыбы: «Өз саласында үздік нәтиже көрсеткен кәсіпкер әйел».
- 1.4. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және қорытындысын шығару үшін жұмыс тобы мен қазылар алқасы құрылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Байқау мақсаты: әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға назар аударту.
- 2.2. Байқау міндеттері:
 - 2.2.1. KMF-ке бейілділікті арттыру;
 - 2.2.2. кәсіпкер әйелдер арасында көшбасшыларды анықтау.

3. Байқау қатысушылары.

- 3.1. Төмендегі критерийлерге сәйкес келетіндердің барлығы байқауға қатыса алады:
 - Кәсіпкер әйел;
 - Өтінім беру және марапаттау сәтінде KMF-тің белсенді клиенті;
 - 3 өтелген кредиттің болуы;
 - *Байқауға 2021 жылғы 01 шілдеден 2022 жылғы 01 шілдеге дейін ұзақтығы 15 күннен астам мерзімін өткізіп алуға жол берген клиенттер қатыса алмайды (2022 жылғы қаңтар айында мерзімін өткізіп алған клиенттерден басқа);* марапаттау сәтінде клиенттің жалпы 15 күннен астам мерзімін өткізу жағдайы болмауы қажет.
 - Табыс көзі: Агро және Бизнес (KMF-тегі градация бойынша).
- 3.2. Байқауға қатысу тегін.
- 3.3. Қатысушы қатысушының сауалнамасындағы барлық деректердің дұрыс толтырылуына жауапкершілік көтереді. Деректер дұрыс толтырылмаған жағдайда, Ұйымдастырушы өтінім берушіні байқауға қатыстырмауға құқылы.
- 3.4. Байқауға байқау ұйымдастырушыларымен үлестес тұлғалар қатыса алмайды.

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу мерзімі, тәртібі

- 4.1 Байқау 2022 жылғы 01 шілде мен 2022 жылғы 01 қараша аралығында өтеді.
- 4.2. Байқау бірнеше кезеңнен тұрады:

4.2.1. бірінші кезең (сырттай): - **2022 жылғы 01 шілдеден 01 тамыз** аралығында қатысу критерийлеріне сәйкес өтінімдер қабылданады; критерийлерге сәйкес техникалық іріктеу жүреді және іріктелген өтінімдер сауалнаманың екінші кезеңіне өткізіледі;

2022 жылғы 01 тамыз бен 01 қыркүйек аралығында – жұмыс тобы үшінші кезеңнің қатысушыларын анықтау үшін рейтингтік кестеге сәйкес сауалнаманың екінші кезеңіне өткен өтінімдерді іріктейді;

2022 жылғы 01 қыркүйек пен 01 қазан аралығында – үшінші кезең - сауалнаманың сұрақтарына сәйкес қатысушылардан видео келіп түседі. Қатысушы үшінші кезеңге өткен жағдайда, оған СМС хабарлама келеді, қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын анықтайды;

Қараша – байқау жеңімпаздарын және номинанттарын марапаттау.

Марапаттау күні, уақыты және жері қосымша хабарланады.

4.3. Байқауға қатысу үшін қатысушылар <https://kmfiskerhanymy.kz/premium2022/#premium-request> сілтемесі арқылы сайтта өтінім толтырады.

4.4. Өтінімдер 2022 жылғы 01 тамызға дейін қабылданады.

4.5. Қатысушы өтінім бере отырып, байқау ережелерімен танысқанын және өткізу талаптарымен келісетінін растайды.

4.6. Ұйымдастырушылар байқау кезеңдерінің күндерін ауыстыруға, марапаттау рәсімінің уақытын және жерін таңдауға құқылы.

5. Байқауды өткізу шарттары

5.1. Байқау келесі талаптар бойынша өткізіледі:

5.1.1. 3-тармақта қарастырылған талаптарға жауап беретін қатысушылар сұрақтарға жауап беру арқылы сайтта өтінім береді.

5.1.2. Жұмыс тобы өтінімдердің қатысу критерийлеріне сәйкестігін тексереді.

5.1.3. Қатысу шарттарына жауап беретін өтінімдер келесі санаттар бойынша бағалау үшін қазылар алқасына беріледі:

- **Бас жүлде** – «**КМФ Isker hanymy 2022**» - 1 млн. теңге сомасында тұрмыстық техника сатып алуға сертификат.

Бизнестің барлық бағыттары бойынша КМФ кеңселері орналасқан Қазақстанның кез келген өңірінде кез келген бизнеспен айналысатын, үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан іскер әйел.

- **«Ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясы** - 500 000 теңге сомасында тұрмыстық техника сатып алуға сертификат.

Тұтынушылық мақсаттардан басқа, табыс көзі Агро болатын бизнес түрімен айналысатын, үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан іскер әйел.

- **«Бизнестің дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясы** - 500 000 теңге сомасында тұрмыстық техника сатып алуға сертификат.

Тұтынушылық мақсаттардан басқа, табыс көзі Бизнес болатын бизнес түрімен айналысатын, үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын құрған іскер әйел.

- **«Әлеуметтік бизнес» номинациясы** - 500 000 теңге сомасында тұрмыстық техника сатып алуға сертификат.

Бизнеспен айналысатын және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын ашқан, жаңа нарықты игерген және т.б. жетістіктерімен қоғамның өзгеруіне өз үлесін қосқан іскер әйел.

- **Қазылар алқасынан арнайы сыйлық** – номинация кешірек анықталады – 500 000 теңге сомасында тұрмыстық техника сатып алуға сертификат.

5.1.4. КМФ-тің аймақтық директорлары/ КМФ-тің бөлімше бастықтары видеодағы/сауалнамадағы деректерді тексеру үшін финалистердің бизнес орнына барады.

5.1.5. Қазылар алқасы финалистерді тексеру қорытындысы бойынша түпкілікті шешім шығарады.

6. Жұмыс тобының, қазылар алқасының құрамы және функциялары.

6.1. Жұмыс тобының құрамы:

- КМФ-тің Маркетинг департаментінің өкілі;
- КМФ-тің Кредиттік департаментінің өкілі;
- КМФ-тің Қызметкерлерді оқыту және дамыту орталығының өкілі;
- КМФ-Демеу Корпоративтік қорының өкілдері.

6.2. Жұмыс тобының функциялары:

6.2.1. байқау ережесін әзірлейді;

6.2.2. қазылар алқасының құрамын, жұмыс тәртібін бекітеді;

6.2.3. қатысушылардан байқауға қатысу туралы өтінімдерді қабылдайды және байқау критерийлеріне сәйкес алдын ала іріктеу жүргізеді;

6.2.4. байқаудың өткізілуін ұйымдастырады;

6.2.5. байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды.

6.3. Қазылар алқасының құрамы:

- КМФ Басқарма Төрағасы;
- Басқарушы Директор;
- КМФ-Демеу қорының өкілі;
- Франкфурт Қаржы және Менеджмент мектебінің өкілі;

- Қазақстан Әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының Президенті, «Эльдани» қайырымдылық қорының Директоры.

6.4. Қазылар алқасының функциялары:

6.4.1. байқау жұмыстарын бағалайды;

6.4.2. байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

6.4.3. ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау және көтермелеу туралы ұсыныс жасайды.

7. Байқау мазмұны

7.1. Қатысушылардың өтінімдері қазылар алқасының қорытындысы негізінде бағаланады.

7.4.Іріктеу критерийлері:

«Ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі үшін» және «Бизнестің дамуына қосқан үлесі үшін» номинациялары бойынша:

1. Бизнестің өсуі (ең жоғары 15 ұпай):
 - Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны (1-5 ұпай);
 - Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу (1-5 ұпай);
 - Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту (1-5 ұпай).
2. Цифрландыру және оқыту (ең жоғары 15 ұпай):
 - Бизнесті жылжыту үшін цифрлық құралдарды пайдалану (1-5 ұпай);
 - Тауарларды/қызметтерді есепке алуды автоматтандыру (1-5 ұпай);
 - Оқыту (1-5 ұпай).
3. Басқасы (ең жоғары 20 ұпай)
 - Жылжыту әдістері (1-5 ұпай)
 - Негізгі бизнестен басқа тағы немен айналысасыз (1-5 ұпай)
 - Кірістер мен шығыстарды есепке алу (0-5 ұпай)
 - Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба? (1-5 ұпай)
4. Үздіксіздік және тұрақтылық (ең жоғары 30 ұпай):
 - Қиындықтарды қалай шештіңіз және еңсердіңіз (0-5 ұпай)
 - Өсу және кірістілік әлеуеті (0-5 ұпай)
 - 3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз (0-5 ұпай)
 - Соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктер (0-5 ұпай)
 - Неліктен сіз және сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз? (0-5 ұпай)
 - Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз? (0-5 ұпай)

Ең жоғарғы ұпай саны – 80

«Әлеуметтік бизнес» номинациясы бойынша:

1. Бизнестің өсуі (ең жоғары 15 ұпай):
 - Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны (1-5 ұпай);
 - Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу (1-5 ұпай);
 - Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту (1-5 ұпай).
2. Цифрландыру және оқыту (ең жоғары 15 ұпай):

- Бизнесі жылжыту үшін цифрлық құралдарды пайдалану (1-5 ұпай);
 - Тауарларды/қызметтерді есепке алуды автоматтандыру (1-5 ұпай);
 - Оқыту (1-5 ұпай).
3. Басқасы (ең жоғары 20 ұпай)
- Жылжыту әдістері (1-5 ұпай)
 - Негізгі бизнестен басқа тағы немен айналысасыз? (1-5 ұпай)
 - Кірістер мен шығыстарды есепке алу (0-5 ұпай)
 - Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба? (1-5 ұпай)
4. Үздіксіздік және тұрақтылық (ең жоғары 35 ұпай):
- Қиындықтарды қалай шештіңіз және еңсердіңіз (0-5 ұпай)
 - Өсу және кірістілік әлеуеті (0-5 ұпай)
 - 3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз (0-5 ұпай)
 - Соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктер (0-5 ұпай)
 - Неліктен сіз және сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз? (0-5 ұпай)
 - Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз? (0-5 ұпай)
 - Әлеуметтік кәсіпкерлік саласын сипаттаңыз (0-5 ұпай).

Ең жоғарғы ұпай саны – 85

8. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

8.1. Байқау қорытындысы бойынша әрбір номинацияда жеке жеңімпаз және жүлдегер болған қатысушылар таңдалады. Қазылар алқасының пікірі бойынша кез келген номинациядағы ең үздік үміткер «KMF Isker hanymy 2022» бас жүлдесін иеленеді.

8.2. Жеңімпаздар номинацияларға сәйкес келетін сертификаттармен марапатталады.

8.3. Қазылар алқасының мүшелері іріктеудің қосымша критерийлері мен байқау номинацияларын енгізуге құқылы.

8.4. Жүлде ақшалай өтемақыға ауыстырылмайды.

8.5. Байқау қорытындысы бойынша апелляция қабылданбайды.

8.6. Бір номинацияда жеңіске жеткен қатысушы басқа номинацияда жеңімпаз бола алмайды.

8.7. Гран-При, «Ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі үшін» және «Бизнестің дамуына қосқан үлесі үшін», «Әлеуметтік бизнес» және «Қазылар алқасынан арнайы сыйлық» номинациясындағы KMF Isker hanymy 2021 жүлдесінің жеңімпаздары дәл осы номинацияларға қайта ұсынылмайды.

8.8. Жеңімпаз атанған қатысушы ұтқан жүлдені алу үшін ұйымдастырушыдан жеңімпаз болғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға мынадай ақпаратты ұсыныға міндетті:

- аты-жөні (толық);
- жеке куәліктің көшірмесі және ЖСН;
- сыйлықты жеткізу үшін ҚР пошталық мекенжайы;
- ұйымдастырушының сұрауы бойынша Жеңімпазға жүлдені беру үшін қажетті өзге құжаттар мен ақпарат.

8.9. Байқау қатысушылары бұған дейін өткізілген құжат көшірмелерімен салыстыру үшін ұйымдастырушыға жоғарыда көрсетілген құжат түпнұсқаларын ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз етулері қажет.

8.10. Берілген сыйлықтардан салық төлеу байқау ұйымдастырушысының міндеті. Жүлде алушылардан салық ұсталмайды.

9. Қосымша шарттар.

9.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары байқауды өткізуге кедергі келтірсе, байқау толық және (немесе) ішінара өткізілмеуі мүмкін.

Бағалау матрицасы				
	«Ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі үшін» және «Бизнестің дамуына қосқан үлесі үшін» номинацияларында			
	Өтінім берушінің атауы			
	Санат			
	Критерий	Бағалар (1-5)	Өлшенген мәні	Жиыны
30%	Бизнестің өсуі	15	100%	1,5
	Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны	5	30%	1,5
	Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу	5	30%	1,5
	Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту	5	40%	2
	Аралық қорытынды			5
20%	Цифрландыру және оқыту	15	100%	1
	Бизнесті жылжыту үшін цифрлық құралдарды пайдалану	5	40%	2
	Тауарларды/қызметтерді есепке алуды автоматтандыру	5	30%	1,5
	Оқыту	5	30%	1,5
	Аралық қорытынды			5
30%	Басқасы	20	100%	1,5
	Жылжыту әдістері	5	40%	2
	Негізгі бизнестен басқа тағы немен айналысасыз?	5	20%	1
	Кірістер мен шығыстарды есепке алу	5	20%	1
	Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?	5	20%	1
	Аралық қорытынды			5
20%	Үздіксіздік және тұрақтылық	30	100%	1
	Қиындықтарды қалай шештіңіз және еңсердіңіз	5	20%	1
	Өсу әлеуеті	5	15%	0,75
	3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз	5	15%	0,75
	Сіздің бизнесіңіздің соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктері	5	20%	1
	Неліктен сіз және сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?	5	20%	1
	Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?	5	10%	0,5
	Аралық қорытынды			5
	Қорытынды	80		5

Бағалау матрицасы				
«Әлеуметтік бизнес» номинациясында				
Өтінім берушінің атауы				
Санат				
	Критерий	Бағалар (1-5)	Өлшенген мәні	Жиыны
20%	Бизнестің өсуі	15	100%	1
	Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны	5	30%	1,5
	Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу	5	30%	1,5
	Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту	5	40%	2
	Аралық қорытынды			5
20%	Цифрландыру және оқыту	15	100%	1
	Бизнесті жылжыту үшін цифрлық құралдарды пайдалану	5	40%	2
	Тауарларды/қызметтерді есепке алуды автоматтандыру	5	30%	1,5
	Оқыту	5	30%	1,5
	Аралық қорытынды			5
40%	Басқасы	20	100%	1,5
	Жылжыту әдістері	5	10%	0,5
	Негізгі бизнестен басқа тағы немен айналысасыз?	5	30%	1,5
	Кірістер мен шығыстарды есепке алу	5	10%	0,5
	Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?	5	50%	2,5
	Аралық қорытынды			5
20%	Үздіксіздік және тұрақтылық	35	100%	1
	Қиындықтарды қалай шештіңіз және еңсердіңіз	5	10%	0,5
	Осу әлеуеті	5	10%	0,5
	3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз	5	10%	0,5
	Сіздің бизнесіңіздің соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктері	5	10%	0,5
	Неліктен сіз және сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?	5	15%	0,75
	Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?	5	10%	0,5
	Әлеуметтік кәсіпкерлік саласын сипаттаңыз	5	35%	1,75
	Аралық қорытынды			5
	Қорытынды	85		5